КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2023 жылғы 15 қараша №2а/5366 Астана қаласы

Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья Таткеева Қ.Қ., судьялар Әлімбаева С.М., Кампитова Г.А., прокурор А.Б.Мустафинованың,

талап қоюшының өкілдері А.Жұмабекованың, Е,Э. Шырыновтың, жауапкердің өкілі Р.Жумабаевтың

мобильді бейнеконференц байланысы арқылы қатысуымен ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 17 тамыздағы шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымымен және прокурордың апелляциялық өтінішхатымен келіп түскен талап қоюшы «Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымың дамыту басқармасы» ММ-нің жауапкер «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

«Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымың дамыту басқармасы» ММ-і (бұдан әрі – Мекеме) сотқа жауапкер жауапкер «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-гін (бұдан әрі – ЖШС, Серіктестік) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және одан тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызбен жүгінген.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 17 тамыздағы шешімімен талап қою қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот шешімінің заңдылығына дау айта отырып, талап қоюшы мен прокурор соттың тұжырымы істің мән-жайларына сәйкес келмейтініне, құқық нормаларының дұрыс қолданылмағанына сілтеме жасай отырып, оның күші жойылуға және талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылуы тиіс деп санайды.

Тараптардың түсінігін тыңдап, іс құжаттары мен апелляциялық шағымның, апелляциялық өтінішхатының уәждерін зерттей отырып, алқа, сот іс бойынша маңызы бар мән-жайлардың шеңберін дұрыс анықтамаған, АПК-нің 427-бабында көрсетілген бұзушылықтарға жол берген, сондықтан шешімнің күші жойылуға, талап қоюшының апелляциялық шағымы мен прокурордың апелляциялық өтінішхаты қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Іс материалдарына тіркелген құжаттарға сәйкес, 2023 жылдың 17-сәуірінде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі – шарт) жасалған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Татқеева К. К., 22.11.2023

Шартқа сәйкес, Серіктестік Астана қаласының жолдар және көлік инфрақұрылымы құрылыстарын орташа, ағымдық жөндеу жұмыстары бойынша техникалық қадағалау жөнінде инжинирингтік қызметтерді (1,2 кезең) көрсетуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 96 525 000 теңгені құрайды.

Шарт аумақтық қазынашылық органда тіркелген уақыттан бастап және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

Қызмет көрсету мерзімі – шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленген.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Себебі, жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттерді дұрыс орындамаған, объектілерде өзінің конкурстық өтінімінде мәлімделген білікті қызметкерлердің болуын қамтамасыз етпеген, Басқармаға беруге тиісті жауапты тұлғаларға (10 техникалық қадағалау сарапшысына) бұйрық көшірмесін жолдамаған.

Бірінші сатылық сот, жауапкер техникалық қадағалау жұмыстарын жүргізгенін дәлелдейтін құжаттарды сотқа тапсырған, талаптар тізімінде бұйрықтарды ұсыну міндеттемесі жоқ деген тұжырымға келіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдырған.

Алайда, соттың бұл тұжырымдары негізсіз, іс құжаттарына сәйкес келмейді, заң талаптарын бұзады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Алайда, жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін дұрыс орындамаған.

Атап айтқанда, сатып алынатын қызметтердің Техникалық ерекшелігіне сәйкес, Серіктестік шарт жасасқан күннен бастап бес күннен кешіктірмей жұмыс орнында мамандарды жұмылдыруға міндеттенеді. Сондай-ақ, әлеуетті өнім беруші Мердігер жұмысының барлық уақытында Объектіде өзінің конкурстық өтінімінде мәлімделген білікті қызметкерлердің болуын қамтамасыз етеді.

7199-23-3-2/5439

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Таткеева К. К., 22.11.2023

Бірақ, жауапкер шарт міндеттерін бұзып, Мердігер жұмысының барлық уақытында Объектіде өзінің конкурстық өтінімінде мәлімделген білікті қызметкерлердің болуын қамтамасыз етпеген.

Бұл, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ-ғы РМК-ның Астана қаласы бойынша филиалының 2023 жылғы 5 мамырдағы №13-1/53 шығыс нөмірімен Басқармаға жолданған, Бөгенбай батыр даңғылы учаскесінен Абай даңғылына дейінгі учаскедегі Жеңіс даңғылының бойында асфальтбетон жабын төсеу жұмыстарын орындау барысында 2023 жылдың 2 мамырында «Әсем-Кырылыс-Қызылорда» ЖШС-нің сарапшысы болмағанын хабарлау туралы хатымен, сондай-ақ осы Кәсіпорынның басқа да хаттарымен дәлелденеді.

Жауапкердің сарапшысы, 2023 жылдыг 4, 21 мамырында және басқа уақыттарда да асфальтбетон жабын төсеу жұмыстарын орындау барысында болмаған.

Сондай-ақ, Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес, жауапкер техникалық қадағалау жұмысын атқару барысы туралы Тапсырыс берушіге әр айдың 25 күнінен кешіктірмей (электронды және қағаз күйінде) есеп ұсынуы тиіс.

Есепте атқарылған жұмыстың қысқаша сипаттамасы, туындаған мәселені және ұсынылатын шешімдерді, сондай-ақ кейінгі іс-әрекеттерге ұсынымдар көрсетілуі керек.

Осы есептің мазмұны мен форматы Қазақстан Республикасының аймағында әрекет ететін нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес болуы керек.

Жауапкер, сондай-ақ аяқтау туралы есеп қабылдау-беруден кейін Техникалық қадағалау объектілерді аяқтау туралы қорытындыны және құрылыс технологиясын, құрылыстың барысын қадағалау бойынша жұмыстарды сипаттаумен жұмыстың аяқталуы туралы, анықталған ақаулар мен бұзушылықтар туралы есепті дайындауы керек.

Есеп 2 данада болуы тиіс (біреуі Техникалық қадағалауда болады) деп көрсетілген.

Алайда, жауапкер шарт талабын бұзып, ай сайын есепті Басқармаға тапсырмаған.

Сонымен қатар, Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес техникалық қадағалау қызметі Жеткізуші біліктілік ақпаратында көрсетілген қызметкерлерді қызметтерді ұсынуға тендерлік өтінімге тартуға міндетті. Осы адамдарды басқалармен алмастыру кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің мұндай ауыстыруға келісімін алуы керек. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі конкурстық өтінімде көрсетілген қызметкерлердің біліктілігіне тең

7199-23-3-2/5439

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Таткеева К. К., 22.11.2023

немесе одан жоғары болуы керек. Бұл жағдайда Жеткізуші растайтын құжаттарды қолдана отырып ауыстыру қажеттілігі туралы жазбаша негіздеме ұсынады. Мердігер жұмысты аяқтағаннан кейін Келісім-шарт бойынша Инженер Тапсырыс берушіге жұмыстың аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді және барлық жұмыс құжаттамасының (журналдар, есептер, есептеулер, аяқталған және жасырын жұмыстарға арналған сертификаттар және т.б.) көшірмелерін жіберу міндетін алған.

Бірақ, бұл талаптар Серіктестік тарапынан орындалмаған.

Объектіде мемлекеттік сатып алу конкурсына жауапкердің өтініміндегі көрсетілген 10 техникалық қызметкерлер емес, басқа қызметкерлер толық емес көлемде жұмысқа шыққан. Алайда оларды алмастыру туралы жаупкер Басқармамен алдын-ала келіспеген, Басқарманың келісімін алмаған.

Жауапкер атқарған жұмысын дәлелдейтін, Техникалық ерекшелікте көрсетілген атқару құжаттарды, атап айтқанда: журналдар, есептер, есептеулер, аяқталған және жасырын жұмыстарға арналған сертификаттар және басқа да құжаттарды сотқа тапсырмаған.

Яғни, жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін дұрыс орындамаған. Сондықтан, Мекеме 2023 жылдың 20 маусымында шартты біржақты бұзды.

Сондықтан, жауапкердің шартта көрсетілген міндеттемелерді орындамауына байланысты, Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сондай-ақ, шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жауапкерден 3 764 475 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады (96 525 000 теңге *0,1%*39 күн).

Себебі, шарттың 7.3 тармағында қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс деп көрсетілеген.

7199-23-3-2/5439

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Таткеева К. К., 22.11.2023

Жоғарыдағылардың негізінде алқа, бірінші сатылық сот шешімінің күші жойылып, іс бойынша талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 424-бабының 1 тармағының 3) тармақшасын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 17 тамыздағы шешімінің күшін жойып, «Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымың дамыту басқармасы» ММ-нің талап қоюын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС-нен мемлекет пайдасына 3 764 475 (үш миллион жеті жүз алпыс төрт мың төрт жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 112 934 (жүз он екі мың тоғыз жүз отыз төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы мен прокурордың апелляциялық өтінішхаты - қанағаттандырылсын.

Қаулы жарияланған уақыттан бастап заңды күшіне енеді.

АПК-нің 434 баптың талаптарың сақтай, сот қаулысы заңды күшіне еңген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.

Төрағалық етуші Таткеева Қ.Қ.

Судьялар Әлімбаева С.М.

Кампитова Г.А.

7199-23-3-2/5439

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Таткеева К. К., 22.11.2023
7199-23-3-2/5439

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кампитова Г. А., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Алимбаева С. М., 22.11.2023
Құжатқа қол қойылған: Татқеева К. К., 22.11.2023

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

7199-23-3-2/5439